

2023 жылғы 28 шілде  
№03-2/88 бұйрыққа  
1 қосымша

«City Transportation Systems» ЖШС-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықтаған сыбайлас  
жемқорлық күкык бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі  
іс-шаралар жоспары

р/с №	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша ұсынымдар	Іс-шара	Анықтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
1	Белгілі бір лауазымға іріктеу және кейіннен тағайындау кезінде ізденушінің бос лауазымға көрсеткіштерін (тест тапсырмаларының жауаптарын) асыруға немесе төмендетуге мүмкіндік беретін дискрециялық өкілеттіктермен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелін болдырмау мақсатында, тест тапсырмаларының сұрақтары мен жауаптарын қорғау мәселесін қарастыру қажет.	Бос лауазымдарға орналасуға үміткерлерді конкурстық іріктеу және Серіктестік персоналын бейімдеу қавидаларына ізденушілермен әңгімелесу мен тестілеуді өткізу үшін сұрақтарды қалыптастыру және қорғау тетігін әзірлеу бөлігінде толықтырулар енгізу;	Бұйрық	Қадрлық жұмыс қызметі	2023 жылғы қараша
2	Алынбаған тәртіптік жазалары бар жұмыскерлерді көтермелеуді жүзеге асыру кезінде жұмыс берушінің дискрециялық өкілеттіктерімен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекеліне жол бермеу мақсатында, кадр қызметінің тиісті іс-шараларды жүргізуі қажет.	Көтермелеу туралы шешім қабылдаған кезде тәртіптік жазасын алып тастауға ұсынылған кәсіпорын жұмыскерінің жұмыс нәтижелерін алдын ала талдау қажет. Объективті критерийлердің бірі оның өз міндеттерін сапалы орындауын бағалау, сондай-ақ бұрын тәртіптік жауапкершілікке тартылған бұзушылықтарды жою болуы тиіс.	Серіктестік басшысына ақпарат	Қадрлық жұмыс қызметі	Кәсіпорын жұмыскерлерін көтермелеу туралы ұсыныстардың түсуіне қарай

3	<p>Жазаларды тым кыска мерзімде алып тастаумен байланысты сыбайлас жемкорлык тәуекелін осыған уәкілеттік берілген лауазымды адамның жеке пікірі негізінде жою ұсынылады. Тәуекелдің бұл түрі болашақта бұзушылықтардың қайталану ықтималдығын арттырып, сонымен бірге жұмыскердің жауапкершілік деңгейін төмендетуі мүмкін.</p>	<p>Тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастау туралы шешім қабылдаған кезде жұмыскерді Серіктестіктің өндірістік процесіне қосқан ерекше үлесі бойынша бағалау критерийлерін қолдану қажет.</p>	<p>Серіктестік басшысына ақпарат</p>	<p>Қадрлық жұмыс қызметі</p>	<p>Кәсіпорын жұмыскерлерін көтермелеу туралы ұсыныстардың түсуіне қарай</p>
4	<p>Зерттелген, жұмыскерлердің барлық деңгейлерінің лауазымдық нұсқаулықтарында, сондай-ақ жекелеген қолданыстағы ішкі НҚА-да сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілікті бекітетін нормалар жоқ. Сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілікті белгілейтін ережелердің болмауы нормалардың декларативтілігіне әкеледі.</p>	<p>Ішкі нормативтік құжаттарға, оның ішінде жұмыс беруші мен жұмыскерлер арасындағы лауазымдық нұсқаулықтар мен еңбек шарттарына тексеру жүргізу. Жұмыскерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын қолданыстағы сыбайлас жемкорлыққа қарсы заңнамаға сәйкес келтіру және толықтырулар енгізу.</p>	<p>СТТТ талдамалық анықтамасын а қосымшаға сәйкес</p>	<p>Қадрлық жұмыс қызметі Серіктестік қызметтері</p>	<p>2023 жылғы желтоқсан</p>

<p>5</p> <p>Мүдделер қактығысымен байланысты сыбайлас жемкорлық тәуекелдерін: кәсіпорынның имиджі мен қаржылық қауіпсіздігіне елеулі әсер етуі мүмкін мүдделер қактығысы факторын тиісті тексеруісі лауазымға тағайындау, сондай-ак серіктестік ішінде ротациялау тәуекелдерін болдырмау жөнінде жүйелі жұмыстар жүргізу қажет.</p>	<p>Комплаенс-офицермен бірлесіп жанадан қабылданған жұмыскерлермен «Сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚРЗ 14-бабын, ішкі нормативтік құжаттарды, сондай-ак ЖШС жұмыскерлері қабылдайтын сыбайлас жемкорлыққа қарсы шектеулерді бұзушылықтарға жол бермеу туралы мүдделер қактығысына қатысты нормаларды сақтау бөлігінде тұрақты негізде мониторинг және түсіндіру жұмыстарын жүргізу.</p>	<p>-</p>	<p>Қадрлық жұмыс қызметі Комплаенс-офисер</p>	<p>Тұрақты негізде</p>
<p>6</p> <p>Тауарлық-материалдық құндылықтарды қабылдау, орнату және есептен шығару рәсімдері үшін бірыңғай регламенттің болмауына және жауапты адамдардың ықтимал дискрециялық өкілеттіктерінің басталуына, сондай-ак сыбайлас жемкорлық тәуекелдерін болдырмауға байланысты ТМҚ-ны сатып алу, қабылдау, орнату және есептен шығару рәсімдері үшін бірыңғай регламент әзірлеу қажет.</p>	<p>Қадрлық жұмыс қызметінің басшысы қадрларды жұмысқа қабылдау және одан әрі ротациялау кезінде мүдделер қактығысын мониторингілеу және реттеу бойынша жауапты болып бекітілсін.</p>	<p>Серіктестік бұйрығы</p>	<p>Қадрлық жұмыс қызметі</p>	<p>2023 жылғы тамыз</p>
<p>6</p> <p>Тауарлық-материалдық құндылықтарды қабылдау, орнату және есептен шығару рәсімдері үшін бірыңғай регламенттің болмауына және жауапты адамдардың ықтимал дискрециялық өкілеттіктерінің басталуына, сондай-ак сыбайлас жемкорлық тәуекелдерін болдырмауға байланысты ТМҚ-ны сатып алу, қабылдау, орнату және есептен шығару рәсімдері үшін бірыңғай регламент әзірлеу қажет.</p>	<p>ЖШС қызметтері бухгалтерлік қызметпен бірлесіп, СТІТ талдамалық анықтамасының 9-тармағының 8-тармақшасындағы ұсыныстарға сәйкес, іс-қимыл алгоритмі, тауарды сатып алу және қоймаға қабылдау, арнайы есепке алу құжаттарын ресімдеу, орнату және есептен шығару (ТМК) тәртібі бар тиісті регламентті (ережені) және нұсқаулықты әзірлесін. ЖШС мүдделі қызметтері кәсіпорынның тенгеріміндегі тауарлық-материалдық құндылықтар мен негізгі құралдарды есептен шығару, орнату тәртібі туралы регламентті әзірлеу кезінде «Бухгалтерлік есеп және аудит туралы» ҚР Заңының, бухгалтерлік есеп, есеп саясаты</p>	<p>Регламент (Ереже)</p>	<p>Серіктестік қызметтерінің жетекшілері Бухгалтерлік және салық есебі департаменті</p>	<p>2023 жылғы желтоқсан</p>

		қағидаларының және ХЖЕС (халықаралық қаржылық есептілік стандарттары) нормаларын қатан сақтауы тиіс.			
7	Қызметтік тергеудің жекеленген материалды сондай-ақ қауіпсіздік қызметі жүргізетін өзге де іс-шаралар бойынша жинау, талдау және шешім қабылдау кезінде ішкі қауіпсіздік жұмыскері үшін дискрециялық жағдайларды болдырмау мақсатында тиісті регламент әзірлеу қажет.	Серіктестікте ішкі қызметтік тергеу-тексерулер жүргізу регламентін (қағидаларын, нұсқаулығын) әзірлеу.	Серіктестік бұйрығымен бекіту Регламент (қағидалар)	Қауіпсіздік қызметінің жетекшісі	2023 жылғы қараша
8	Жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтамаға қол қойылған күннен бастап ұсынымдардың орындалуына мониторинг пен бағалауды жүзеге асырсын.	Растайтын құжаттарды қоса бере отырып, ұсынымдардың орындалу барысы туралы ақпаратты уәкілетті адамға (Серіктестіктің комплаенс офицеріне) жіберу.	СТП әдістемелік ұсынымдарын а (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша	Серіктестік қызметтері	Токсан сайын, талдамалық анықтамаға қол қойылған күннен бастап есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-ші күнінен кешіктірмей

		Уәкілетті адам Серіктестік қызметтерінен келіп түскен ұсынымдардың орындалу барысы туралы мәліметтерді қарауды және қалыптастыруды жүргізсін.	Әдістемелік ұсынымдарға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша	Комплаенс офицер	Ақпарат түске күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде
--	--	---	--	------------------	---

2023 жылғы 28 шілде  
№03-2/88 бұйрыққа  
2-қосымша

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау (СТІТ) қорытындылары бойынша енгізілген ұсынымдардың орындалу барысы туралы ақпарат**

<b>р/с №</b>	<b>СТІТ қорытындылары бойынша ұсынымдар</b>	<b>Іс-шаралар жоспарына сәйкес аяқтау нысаны</b>	<b>Орындалуы туралы ақпарат</b>
1			
2			

**Басшы (қызмет, бөлім)**

\_\_\_\_\_ (қолы)

**Т.А.Ә.**

2023 жылғы 28 шілде  
№03-2/88 бұйрыққа  
3-қосымша

**«City Transportation Systems» ЖШС сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау (СТІТ) объектісінің ұсынымдарды орындауына мониторинг нәтижелері**

Талдау жүргізу кезеңі: \_\_\_\_\_

Талдамалық анықтамаға қол қою күні \_\_\_\_\_

Барлығы \_\_\_\_\_ ұсыным енгізілді  
оның ішінде:

толық көлемде орындалғаны - \_\_\_\_\_;

ішінара орындалғаны - \_\_\_\_\_;

орындалмағаны - \_\_\_\_\_;

өзектілігін жоғалтқандары - \_\_\_\_\_.

р/с №	СТІТ қорытындылары бойынша ұсынымдар	Іс-шаралар жоспарына сәйкес аяқтау нысаны	Орындалуы туралы ақпарат	Ішкі талдау жүргізуге уәкілетті адамның бағалауы
1				
2				

**«City Transportation Systems» ЖШС  
компаенс офицері** \_\_\_\_\_

(қолы)

**Т.А.Ә.**